Кезінде педагогика ғылымы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны, жоғары білім берудің қазіргі парадигмасы, қазіргі заман оқыту технологияларының теориялық-әдіснамалық негіздері т.б. тақырыптар мен «құзыреттілік», «дидактика», «тәрбие теориясы», «Болон процесі» сынды көптеген ұғым-түсініктермен танысып, айтылған нәрселерді көкейімізге мықтап ұға білдік. Сонымен қатар педагогиканың тек ғылым жүйесінде ғана емес, күнделікті отбасылық өмірге де қажетті екенін түсіндік.

Шәкірт болашағына жарқын сәуле түсіре білген Роза Садыққызының бойында ұстазға тән шеберліктің бар түрі кездеседі. Дәріс беру мен семинар сабақ өткізуде ұстазымыз ерекше талапшыл. Тәрбие мен тәртіп бар жерде білімнің де терең болатындығын үнемі қайталап отыратын ол өзінің мол тәжірибелігімен сабақты өте қызықты және асқан шеберлікпен жүргізетін.

Сабақты теория жүзінде ұғыну бөлек те, оны тәжірибеде іске асыра білу тіптен бөлек.



Оның үстіне ғаламторы күн сайын дамып жатқан қоғамда студент алдында дәріс оқып, семинар сабақ жүргізу оңай емес. Заманға сай

жан-жақты дамыған жастардың алдында сөз сөйлеп, оқыту формасы мен әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру, сонымен қатар олардың назарын өзіне аудара білу, сабақты жүргізу тәсілдерін ойлап табу – нағыз маманның ісі. Сондықтан да жана оқытушының заманына сай маман иесі болу керектігін үйреткен Роза Садыққызының бізге берген көмегі мол. Сабақ барысында көзбен көріп, көкейге түйгенімізді педагогикалық тәжірибеде қолдана білдік. Бастапқы кезде студент алдында дәріс оқып, семинар жүргізген сәтте бойымызда қобалжудың болғаны анық. Дегенмен де ұстазымыздың үйреткен амал-тәсілдерін пайдалана отырып, біз де өзімізді жігерлендіруді үйрендік. Болашақта Роза Садыққызындай ұлағатты ұстаздардың берген білімін тек жақсылық жолында жұмсай білеміз деген сенімдемін.

Дина МҰРАТӘЛИЕВА,

*филология және әлем тілдері факультетінің
2-курс магистранты*

Двудипломное ОБРАЗОВАНИЕ

В рамках реализации договора о двудипломном образовании между НИУ «Белгородский государственный университет» и Казахским национальным университетом им. аль-Фараби состоялся визит доктора социологических наук, профессора И.С. Шаповаловой.

Целью визита явилось согласование мероприятий совместной образовательной программы магистратуры «Социология» и «Социология бизнеса».

Обмен мнениями в рамках дискуссии показал важность и эффективность сотрудничества, в результате которых стороны пришли к следующим договоренностям: участие в опросах национальных и международных рейтинговых агентств в целях повышения академической репутации и узнаваемости вузов-партнеров в международном научно-образовательном пространстве. Обе стороны подтвердили согласие на участие в опросах по оценке деятельности вузов при поступлении соответствующих запросов из различных рейтинговых агентств.

В ходе встречи стороны пришли к мнению, о необходимости реализации совместных образовательных программ и согласования планов совместных исследований с последующей публикацией полученных результатов. Также ученые договорились о проведении совместных исследований в области молодежного экстремизма, корпоративной солидарности, национальной идентичности,

проблем молодежи, солидаризации общества. Результаты исследования будут размещены в совместных монографиях коллективов (индексированных в РИНЦ), совместных статьях, публикуемых в журналах, индексируемых в РИНЦ, Scopus, WoS. Также была обсуждена возможность и принято решение о включении сравнительного международного компонента в исследования выпускных квалификационных работ бакалавров и магистров по направлению подготовки, а также докторантов PhD.

Также стороны обсудили возможность создания совместной международной лаборатории социологии молодежи на базе одноименных лабораторий Центров социологических исследований вузов-партнеров. Лаборатория будет реализовывать совместные международные исследования молодежных проблем и осуществлять интеграцию молодежи двух стран.

Мира МАУЛЬШАРИФ,
к.с.н., кафедра социологии и социальной работы

Жуырда Түркістан қаласында биыл шаһардың түркі әлемінің мәдени астанасы атануына орай халықаралық деңгейде ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Оның аясында түркі әлемінің белді ғалымдары бас қосқан «Түркістан және түркология» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен алқалы жиынға ҚазҰУ профессоры, белгілі тарихшы-ғалым, ҚР ҰҒА Құрметті академигі Қ.Т. Жұмағұлов қатысып, «Римдегі Bibliotheca Apostolica Vaticana қорларындағы түркі әлемі тарихына қатысты латын тіліндегі деректер» атты баяндама жасады.

Түркістан төріндегі дубірлі жиын



Профессор манускриптері (қолжазбалары) көне, құндылығы жоғары, библиографиялық жағынан сирек кездесетін құжаттары бойынша Еуропада бірінші орын алатын Ватиканда, Ватиканның Апостол кітапханасының қорлары мен бөлімдерінде (Bibliotheca Apostolica Vaticana) біршама ғылыми ізденіс жүргізгендігін тілге тиек етті. Түркі әлемі – Ғұн империясы, Авар және Түркі қағанаттары тарихына және орта ғасырлар кезеңіндегі Қазақстан территориясындағы мемлекеттік және тайпалық бірлестіктерге қатысты анықтаған жаңа деректік мәліметтерді ұсынды. Қазақстан тарихы, түркі әлемі және Орталық Азия тарихы үшін Рим папалары мен Алтын Орда хандарының арасында жазылған хаттар ерекше құнды болып табылатындығын да ғалым айқын көрсетті.

Сондай-ақ баяндамада Ватикан кітапханасына, шығысқа – Орталық Азияға, Монғолия мен Қытайға барған еуропалық саяхатшылардың мәліметтеріне ерекше көңіл бөлінген. Бұл тарихи деректердің халықаралық қатынастар тарихына, шаруашылыққа, тұрмысқа, әлеуметтік-саяси қатынастарға, дін мен ділге қатысты құндылығы зор.

Қалқаман Тұрсынұлы түркологияның өзекті мәселелері ғылыми талқыға түскен жиында XIII ғасырдың басынан XV ғасырдың ортасына дейін Шығыс және Орталық Азияға саяхат жасаған 126 есімді анықтағанын айтты. Олардың басым бөлігі көпшілікке таныс емес. Мысалы: Balduin von Hennegau, Odorico da Pordenone, Isachus Venerio (Venier), Jacobus von Florenz, Paschalis Hispanus de Victoria, Gottifredo Morosini, Giovanni Querini және басқа да көптеген саяхатшылар мен миссионерлер.

Баяндамада сөз болған аталған бірегей мәліметтер Қазақстан қоғамын рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін аса маңызды. Бұл латын тіліндегі мәліметтер Қазақстан тарихы, түркі әлемі, сонымен қатар дүние жүзі тарихы бойынша іргелі еңбектер жазу үшін қажетті деректік және ғылыми қорларды толықтыра түсті.

Айта кету керек, халықаралық конференцияда 8 мемлекет тарапынан ұсынылған 115 ғалымның баяндамасы жинақталып, қатысушыларға ұсынылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

13 апреля в рамках Фарабиевских чтений пройдет конкурс инновационных проектов и студенческих бизнес-инкубаторов



Правовой статус

Национальному обществу Красного Полумесяца РК (НОКП РК) 5 марта 2017 года исполнилось 80 лет. Данная организация была создана на основе Женевских конвенций 1949 г. о защите жертв войны и дополнительных протоколов к ним 1977 г. Создание национального общества является обязанностью каждого государства-участника названных международных документов. В мирное время НОКП РК занимается оказанием помощи уязвимым слоям населения - жертвам стихийных бедствий, малообеспеченным слоям населения, одиноким пожилым людям, многодетным матерям, лицам, болеющим тяжелыми формами туберкулеза, СПИД и т.д.



**КРАСНЫЙ ПОЛУМЕСЯЦ
КАЗАХСТАНА**

На сегодняшний день правовой статус НОКП РК установлен Указом Президента РК от 17 апреля 1992 года, который уже морально устарел и нуждается в обновлении. В тексте Указа содержалось поручение Правительству РК разработать проект закона о НОКП РК и представить его Парламенту РК. Необходимость выполнения этого поручения стала побудительной причиной рабочей встречи руководства НОКП РК во главе с Президентом НОКП РК Е.К. Аргымбаевым, представителями международной организации "Центр по чрезвычайным ситуациям и снижению риска стихийных бедствий" во главе с руководителем Центра В.В. Петровым и депутатом Мажилиса Парламента РК И.В. Смирновой, которая состоялась 10 февраля 2017 г. На этой встрече в качестве юридического советника НОКП РК посчастливилось присутствовать и мне с докладом о юридических проблемах правового статуса НОКП РК. По итогам обсуждения всех аспектов существующей проблемы было принято решение подготовить концепцию и проект закона о НОКП РК для представления депутатскому корпусу Парламента РК.

Следует учесть, что среди функций НОКП РК значится и распространение знаний о международном гуманитарном праве. Реализация этой функции сближает НОКП РК и кафедру международного права КазНУ имени аль-Фараби и служит основой для многолетнего сотрудничества. Сегодня готовится к открытию научно-образовательный центр по международному гуманитарному праву и праву чрезвычайных ситуаций на базе кафедры международного права с участием как НОКП РК, так и такой международной организации, как Центр по чрезвычайным ситуациям и снижению риска стихийных бедствий. Планируется привлечь представителей этих организаций к учебному процессу в качестве работодателей и баз для практики студентов, внедрять соответствующие спецкурсы, проводить летние школы и др. мероприятия, которые лежат в русле той научно-образовательной политики, которую проводит КазНУ имени аль-Фараби во главе с ректором Г.М. Мутановым.

Сагынғали АЙДАРБАЕВ,
д.ю.н., юридический советник НОКП РК,
заведующий кафедрой международного права

Реальный конфессиональный мир Казахстана

Очередное заседание научного семинара кафедры социологии и социальной работы было посвящено обсуждению проблем институционализации казахстанской социологии религии. В качестве эксперта приглашена старший научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета наук МОН РК, доктор философских наук, профессор Бурова Елена Евгеньевна.

Цель семинара: овладение навыками и умением использовать гуманистические ценности мировых религий; методами измерения и реализации принципов социологии религии, научить слушателей осмыслению ситуаций и обстоятельств в религиозной сфере, адаптивному, алгоритмическому, междисциплинарному мышлению и на этой основе повышению межкультурной компетенции преподавателей в делах религии.

На научном семинаре эксперт и выступившие профессора отметили, что в Казахстане сегодня сложился реальный межконфессиональный мир. Суверенному Казахстану удалось сохранить и институционализировать наследие толерантности, продолжить этот уникальный диалог. В столице Астане регулярно проводятся Съезды лидеров мировых и традиционных религий, которые укрепляют взаимопонимание и взаимодействие конфессий, служат мостом между религиозными институтами и международными структурами. Казахстан последовательно выступает с консолидирующей повесткой дня для мирового общества. 31 марта 2016 года Президент РК Нурсултан Назарбаев обратился к мировому сообществу с манифестом «Мир. XXI век», который сегодня приобрел статус официального документа двух основных органов ООН – Генеральной Ассамблеи и Совета Безопасности.

Ораторы отмечали, что все мировые религии основаны на фундаментальных гуманистических ценностях, которые имеют непреходящее общечеловеческое значение. Их духовные лидеры неизменно призывают верующих к милосердию, справедливости, толерантности, воспитанию подрастающего поколения на высоких идеалах добра и уважения друг друга. Этому способствует недавно созданное Министерство по делам религии и гражданского общества.



Фото: Kazgazeta.kz

Взаимодействие конфессий способствует пониманию того, что международный терроризм сегодня приобрел принципиально новые качества. При этом террористические акты зачастую прикрываются религиозными лозунгами. Борьба с этим злом – это дело всего мирового сообщества. Ответственность в противостоянии терроризму должны взять на себя прежде всего наиболее видные и влиятельные представители общественности, интеллектуально образованные личности, религиозные деятели и парламентарии. К сожалению, однозначного и всеобъемлющего решения данной проблемы пока нет. Реальный конфессиональный мир способствует наращиванию совместных усилий в поиске достойного ответа на эту глобальную угрозу.

Участники семинара предлагали практические меры, усиливающие основные функции религии, как идентификация, мировоззренческая, компенсаторная, коммуникативная, регулятивная, интегративная, политическая, культурная, дезинтегрирующая. В тоже время в структуре религии социология укрепляет такие компоненты, как религиозное сознание, религиозная деятельность и религиозная организация.

Социология религии, будучи частью социологии, является одной из многих специальных научных дисциплин, предметом которых является религия. Социология религии связана с научным религиоведением.

В Казахстане все более частными становятся споры, вызванные противоречиями между ростом количества верующих в стране, их стремлением неукоснительно следовать религиозным нормам, с одной стороны,

и светским характером государства – с другой. Поэтому участники семинара свои мысли ориентировали на их разрешение и высказывали идеи о возможном компромиссе. На семинаре поднимались и вопросы о том, должно ли светское государство подстраиваться под религиозные потребности граждан. Участники утверждают, что в посещении мечети преподавателями и студентами (в том числе и во время жума-намаза) нет ничего предосудительного, если оно не наносит ущерба аудиторным занятиям университета. Преподаватели признают, что религия, стимулируя своими специфическими средствами учебную деятельность студентов, создает в то же время соответствующий нравственный фон, формирует образовательную этику и нравственные нормы. В Казахстане можно отметить две позиции, характерные для большинства граждан: религиозный секуляризм – сочетающий веру в Бога с признанием светских ценностей; атеистический секуляризм – сочетающий неверие в Бога с признанием религиозных ценностей.

Государству следует не подстраиваться, а приспособить светское государство и общество в целом к уважению как религиозных, так и светских ценностей, способствуя тем самым формированию толерантного сознания.

Авторитет и престиж государства в глазах наших граждан в большей степени зависят от его способности поддерживать мир и согласие на земле Казахстана.

Ссылаясь на свои фундаментальные труды, эксперт подчеркивает, что социология религии является объективным и отличается от идеологического, которое предполагает либо позитивную, либо негативную ее оценку. Е.Е. Бурова делает акцент инновационных на современных методах изучения и преподавания предмета социологии религии, обратив особое внимание на знание, понимание, анализ, синтез, оценивание и критическое мышление феномена религиозности в современном Казахстане.

В заключение эксперт, изложив основные методы социологии религии, отметила, что социолог использует для анализа религии опрос и статистический анализ; наблюдение и эксперимент; кросс-культурный сравнительный анализ; анализ письменных источников, исторических документов, контент анализ.

К.У. БИЕКЕНОВ,
д.соц.н., профессор кафедры социологии и социальной работы



Фото: Вечерняя Астана

Магистратура: жарқын келешек кепілі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша магистранттар даярлау жоғары білім беру үдерісінің барлық талап-тілектеріне сай жүргізілуде.

елде ғана емес, шетелдерге де кеңінен танымал ғалым-профессорлар дәріс оқып, жетекшілік етеді. Атап өтсек, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы сыртқы істер министрі және еліміздің БҰҰ-дағы тұрақты өкілі болған белгілі дипломат, т.ғ.д., профессор Ақмарал Арыстанбекова, факультеттің ғылыми негізін қалыптастырушылардың бірі, т.ғ.д., профессор Құралай Байзақова, «Халықаралық қатынастар» мамандығының американдық бағытын қалыптастырып, мамандық оқытылатын кафедраны бірнеше жыл басқарған белгілі ғалым, т.ғ.д., профессор Фатима Кукеева, мамандықтың еуропалық бағытын нығайтып, жапондық және үнділік зерттеушілермен тығыз байланыс орнатуда магистранттардың академиялық ұтқырлығын үйлестіруге үлес қосып жүрген, т.ғ.д., профессор Мара Губайдуллина, факультеттегі магистратурада білім берудің негізін қалаушылардың бірі, аймақтану кафедрасын бірнеше жылдар басқарған, т.ғ.д., профессор Клара Мақашева және т.б. Магистранттар кафедра менгерушісі, т.ғ.к., доцент Ермек Чукубаев жетекшілік ететін «Талейран» дипломатиялық-танымдылық клубының жұмысына да белсене қатысады.

Факультет жанындағы ғылыми-зерттеу орталықтары магистранттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарын даярлаудың және оны апробациядан өткізудің орталығы ғана емес, келешектегі сараптамалық және дипломатиялық қызметтерін ғылыммен ұштастырудың да мектебі іспетті. Факультет ғалымдарының ғылыми байланысының мүмкіндіктері және тараптануының арқасында



магистранттарға университет шақыртуымен келген шетел ғалымдары дәрістерінің де берері мол. Мысалы, НАТО жөніндегі ақпараттық ресурстар орталығы ұйымдастырған «НАТО-ның Орталық Азиядағы серіктестерімен ынтымақтастағы» тақырыбы бойынша Орталық Азиядағы НАТО кеңсесінің басшысы Р. Пульизи ханыммен дәріс-кеңес, Американдық және демократиялық зерттеулердің ресурстық орталығының ұйымдастыруымен американдық атакты халықаралық қатынастанушы Федерик Старрмен болған кездесу-дәрістер магистранттарға ғана емес, факультет ғалымдарына да пайдалы болды. Еуропалық ақпараттар орталығының ұйымдастыруымен Еуропалық сыртқы байланыс қызметінің

Орталық Азия Басқармасының (ЕСВС) бастығы Тойво Клаар мырзаның дәрісінің де табысты өткенін айта кету орынды. Сол шараның аясында Алматы ЖОО студенттері арасында «Қазақстан және Еуропалық Одақ: шынайылық, болжам және үміт» тақырыбында өткен сайыста магистрант К.Сейфуллинаның ғылыми эссесі жеңімпаз атанған еді.

Сондай-ақ факультет жұмыс берушілер ұйымдастыратын ғылыми-халықаралық конференциялар, байқаулар және тағы да басқа атаулы шараларға магистранттарды үнемі тартып отырады. Алматы қаласындағы ҚР СІМ өкілділігі өткізетін теле-көпір, ҚР Тұңғыш Президенті қоры жанындағы Саясат және әлемдік экономика институты және ҚР стратегиялық зерттеулер институты өткізетін ғылыми шараларға магистранттардың қатысуы аса белсенді. Мамандық түлектері отандық ЖОО-мен қатар, шетелдерде де халықаралық бағдарламалар мүмкіндігін пайдаланып, ғылыммен айналысуда. Мысалы, президенттік «Болашақ» шәкіртақысының иегерлері – Ж. Арынов – Ұлыбританияда, А. Абитбеков АҚШ-та докторантурада білімдерін жалғастыруда.

Еліміздің әлемдік қауымдастықтағы қазіргі беделі мен қадамын нығайтуға мемлекеттің елдігін қалыптастыруға үлес қосатын болашақ сапалы мамандардың өз үлесін қосары анық.

Л.Т. ИСОВА,

*мамандық бойынша үйлестіруші,
халықаралық қатынастар және
әлемдік экономика кафедрасының доценті,
т.ғ.к.*

Пәндік олимпиада

Күлімдеген көктем күнімен бірге жеке сала өкілдерін қайта қауыштырып, республикалық студенттік пәндік олимпиада өтті. «Мәдениеттану» мамандығы бойынша өткен шараға республикамыздың әр аймағынан 9 топ қатысты.



және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу біліктілігін арттыру, дәстүрлі мәдениетіміздің рухани және материалдық құндылықтарын сараптай отырып, тани білуге үйрету – бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі болып отыр. Осы мақсатты көздеген олимпиада «Мәдениеттану: кеше, бүгін, ертең» деп аталды.

Олимпиаданың I кезеңінде «Қазақтың салт-дәстүрлер» тақырыбына алдын ала дайындалған еркін формадағы таныстыру болса, II теориялық кезең – «Менің білімімнің көкжиегі» деп аталды. Бұл кезеңде топтар мәдениеттанулық теорияларға, берілген авторлардың еңбектері мен тақырыптарға жан-жақты, толыққанды, ғылыми негізделген түсінік беруі тиіс болды. III теориялық кезең – «Болашақ – жастардың көзқарасымен» жастардың инновациялық жобалары бағаланды. Команданың инновациялық start-up жобасын таныстыру талап етілді.

Қатысушы топтар өнер, білім мен тапқырлықты қатар алып жүретін, жарқын болашақтың жалынды жастары екендіктерін көрсете білді. Олардың арасынан ҚазҰУ-дың «Мәдениеттану» мамандығы студенттерінен құрылған «Харизма» тобы суырылып алға шығып, жеңімпаз атанды.

Әлия ӨМІРБЕКОВА,
*дінтану және мәдениеттану кафедрасының
доценті, филос.ғ.к.*

Тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенттері қатысуымен жуырда «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Конфуций ілімін талқылауға арналған тәрбиелік іс-шара өтті. Студенттер Конфуций өмірінде болған оқиғаларға, оның артында қалған нақыл сөздерге талдау жасап, өз білімдері мен пікірлерін ортаға салды.

Конфуций іліміне арналды



Әлемдік философиямен бірге әлемдік тарихта адамгершілік пен адами құндылықтарды, үлкен мен кіші арасындағы ізгілікті, мемлекетті басқарудағы принциптерді әділ жолмен саралаған, өзінің философиялық ілімін тұжырымдаған Конфуцийдің рөлі ерекше болып табылады. Ол адамгершілік мәселелерін бірінші кезекке қойған. Ойшыл былай дейді: «Адам үшін адамгершілік от пен судан да маңызды нәрсе». Конфуцийдің пікірінше, адамгершілікке ұмтылудың өзі игілік саналады: «Адамгершілікке қарай ұмтылудың өзі жамандықтан құтқарады».

Конфуций Қытайда алғашқы жеке мектептің, оның үстіне сол немесе басқа ғылым мен өнер оқытылған мектептің ғана емес, адам мінездерін тәрбиелеу мектебінің

негізін қалаушы болды. Өзінің ілімін қалыптастырған мектебінде шәкірттеріне білім берумен де айналысты.

Жастар Конфуций ілімдері жайлы білімдерін пайдалана отырып, бүгінгі күн тұрғысынан талдау жасады. Олар Конфуцийдің адамгершілікке үндеген нақыл сөздерін есте сақтап, викториналық сұрақтарға белсене жауап берді. Мұндай шаралардың студенттерді ұлы адамдардың өмірі мен шығармашылығын оқып үйренуге баулуға, білімді бағалай білуге, өнер-білімге, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге тигізер ықпалы зор деп білеміз.

Л.М. МАХАЖАНОВА,
шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы

ЖЕМІСТІ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСА БЕРМЕК

Жақында Түркістан қаласында Қ.А. Яссауи атындағы халқаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Археологиялық ғылыми-зерттеу орталығының 20 жылдық мерейтойына арналған «Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Қазақстан, Түркия, Ресей және Өзбекстанның белгілі археолог-ғалымдары қатысқан шараға ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті, археология, этнология және музеология кафедрасының бірқатар оқытушы-профессорлары – М. Елеуов, Г. Омаров, Д. Талеев, Е. Ақымбек, Р. Жұматаев қатысып қайтты.



Жұмыстарға шолу жасады. Орталықтың ғылыми ұжымы Сауран, Қарашық, Шарафкент қалаларының қираған орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, Қаратаудың күнгей және теріскей беткейінің, Түркістан, Бәйдібек, Түлкібас аудандарының бұрынғы ғылымға белгісіз ескерткіштерінің тізімін жасаумен айналысты. Ал 2008-2015 жылдары орталыққа жетекшілік еткен зейнеттегі ҚазҰУ профессоры С.Ж. Жолдасбаев бастаған ұжым

ортағасырлық Сығанақ қаласының орнында тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба барысында аршылған қаланың қорғаныс құрылыстары, мешіт пен кесене орындарында қатыру, жартылай қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, оларды туристік бағдарламаға енгізу шаралары әлі күнге іске асырылуда.

Конференция жұмысы барысында екі университет ғалымдарының бірлесіп жүргізген зерттеулерінің жемісті нәтижелері жайлы

және бірлескен зерттеулердің болашағы туралы әңгіме қозғалды. ҚазҰУ ғалымдары өз баяндамаларына университет ғалымдарының далалық зерттеу жұмыстары кезінде Қазақстанның тас, қола, ертетемір және ортағасыр археологиясын зерттеуге қосқан үлесі, археологиялық ізденістердің бүгінгі мен болашағы туралы, ұлтымыздың тарихын терең зерттеудің жолдары мен жемістерін арқау етті. Университет ғалымдарының еңбегі әріптестер тарапынан жоғары бағаланып, зерттеулердің қоғам дамуы мен еліміздің материалдық, рухани мәдениетін танып білуде атқарар рөлі ерекше атап өтілді.

Сондай-ақ сапар барысында Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Жансейіт Түймебаев археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры М. Елеуовты қабылдап, онымен Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеуді іске асыратын ғылыми-әдістемелік кеңес құру жайлы пікірлесті. Кездесуде облыс жеріндегі тарихи маңызды деген археологиялық ескерткіштерде ғылыми-зерттеу, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында ашылған ескерткіштерді қатыру, қалпына келтіру, оларды абаттандыру арқылы туристік бағыттар қатарына қосудың жолдары да талқыланды.

Д.А. ТАЛЕЕВ,

т.ғ.к., археология, этнология және музеология кафедрасы

Күлкі деген дәрумен!

Университеттегі жастарға арналған үздік жобалардың бірі – Сұңқар кубогының Көңілді тапқырлар клубы чемпионаты өз мәресіне жетті. 7 сәуір күні өткен гранд-финалда жылдың жүйріктері анықталды.



Биылғы жылғы финалда 6 команда жолдама алған болатын. Олар: филология және әлем тілдері факультеті студенттерінен құралған «Филфак» құрамасы, философия және саясаттану факультетінің «Әлем.кз», заң факультетінің «Юрstyle», механика-математика факультетінің «Мехмат», физика-техникалық факультеттің «Физтех» және шығыстану факультетінің «Кластастар» құрама командалары.

Тартысқа толы ойынның алғашқы айналымы – «фристайлда» барлық командалар ең үздік деген әзілдерін ойнап, студенттерді қыран-топан күлкіге батырды. Келесі сұрақ-жауап кезеңінде қатысушы командалар бір-бірінің сұрақтарына әзілмен жауап қатты. Финалдың ең қызықты кезеңі – анимациялық дыбыстау. Бұл кезеңде командалар кино немесе мультфильм үзіндісін өз дауыстарымен құбылтты. Олардың арасында мультфильмді дәл дыбыстап, екі киноны біріктіре отырып, сәтті туынды шығарған командалар болды.

Тапқырлардың өнеріне ҚазҰУ қалашығының директоры Әбдіқаһар Сейітжанов, әнші Жігер Ауыпбаев, белгілі әзілкеш Дастан Қалдыбай, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар көсіподағының төрайымы Шұғыла Мейрамбекқызы төрелік етті. Қазылар алқасының шешімімен ерекше

өнерімен көзге түскен талантты жастар әзіл кешінің жеңімпаздары атанды. «Сұңқар кубогын» және екі жүз мың теңгелік сертификатты қызықты әрі астарлы әзілімен «Филфак» құрамасы жеңіп алып, 1-орыннан көрінді. Ал «Мехмат» құрамасы Астана қаласына жолдамамен қоса 2-орынды иеленді. «Кластастар» 3-орынға лайықты танылып, команда мүшелеріне Ыстықкөл спорттық-сауықтыру лагеріне жолдама бұйырды. Дәстүр бойынша, кештің «Ең үздік жанкүйерлері» болып физика-техникалық факультеттің студенттері танылды. «Мехмат» құрамасының үздік ойыншысы Нарық Белібаев пен «Филфак» құрамасының көшбасшысы Қайрат Ариятов Антальяға саяхатқа жолдаманы жеңіп алды. «Miss and Mr. КВН» атағына «Юрstyle» командасының мүшесі Елікай Бүтебай мен «Әлем.кз» командасының мүшесі Ернар Жайлаубеков ие болды.

«Сұңқар кубогы-2017» Көңілді тапқырлар клубы ойындарына «Dostyk travel» туристік компаниясы, «Vugin Group» пен «Qeeboos» компаниялары, «Grenadine school» мен «Step by step» ағылшын тілін үйрету орталықтары, «MadDog» пейнтбол клубы демеушілік көрсетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында «Атамекенім – Қазақстан» атты фестиваль өтті. Шараға ҚХР, Өзбекстан Республикасынан, Монғолиядан келген білім алушылар қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

«Атамекенім – Қазақстан» фестивалі

Жастар Атамекеніне, қазақ жеріне деген сезімдерін жасырмады. Фестиваль барысында әрбір топ өздерін таныстырып, сахналық қойылым және жеке өнер көрсетті. Тынғандар арасынан нақышына келтіре ән айтып, би билеген жастардың өнері көз сүйсіндірді.

Барлық топ мүшелерінің бұл мерекеге қызу дайындықпен келгені бірден байқалып-ақ тұрды. Әсіресе, 6-топ, «Биология» мамандығын тандаған тыңдармандар өз ойларының ұшқыр екенін көрсетіп, қабырға газетін «Қазақстан – 2050» деген атпен шығарыпты. Олар «2050 жылы Қазақстан, шіркін, осындай болса екен!» деген арман-тілектерімен бөлісті. Топ мүшесі Мұратжан Арман Е. Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін орындап, бейбітшілік белгісі

– ақ көгершіндерді ұшырды.

Аталған топтың сахналық қойылымдары да ерекше болып, Қазақстанның дамуын паш ететін, түрлі дамыған ел ғалымдарының «Қазақстан ғалымы» Мұратжан Арманмен бірге жасаған «Air Astana» ұшағының елімізге табан тіреуі әдемі әсер сыйлады. Бұл қойылымда тыңдармандар егеменді еліміздің дамыған елдермен иық тірескен, бәсекеге сай ел болғанын қалайтындарын көрсетті. Сайыс нәтижесінде осы қойылым үздік деп танылып, гран-при жүлдесін иеленді.

Осы топта оқытын Сәбен Сындар өзі шығарған «Бақытты жастар» өлеңімен кештің шымылдығын жапты.

А.Е.ҮСЕНБЕКОВА,

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы



EXPO 2017
- Future Energy -
Astana Kazakhstan

Bureau International des Expositions

**ASTANA EXPO 2017-ДЕ
КЕЗДЕСЕЙІК**

**ВСТРЕТИМСЯ НА
ASTANA EXPO 2017**

**2017 | 10 маусым / июня
қыркүйек / сентябрь**

Билеттерді онлайн сату / Онлайн продажа билетов www.expo2017astana.com

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Талсырыс: №177**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.